

САЯСАТ



«ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК
ТАНДЕМІ» –
аймақты біріктіруші фактор

3

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



КӨШПЕЛІ ХАЛЫҚ
САЛТ-ДӘСТҮРІН
ДӘРІПТЕГЕН...

6

ПАРИЖ – 2024



БҮГІНГІ КҮННІҢ
БАТЫРЛАРЫ

7

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«Мектепке жол» акциясы басталды

Алматыда «Жалпыға бірдей білім беру» қорынан 15 мыңнан астам бала төлем алады

Қазіргі таңда қала бойынша «Мектепке жол» республикалық акциясы басталып, жедел желі телефондары жарияланды. Қалалық Білім басқармасы аталмыш акция 30 қыркүйекке дейін жалғасып, осы уақыт ішінде «Жалпыға бірдей білім беру» қорының, демеушілер мен меценаттардың бюджет қаражаты есебінен мұқтаж оқушыларға көмек көрсететінін мәлім етті.

Рая
ЕСКЕНДІР

Сонымен, акция аясында халықтың әлеуметтік осал тобынан 15 мыңнан астам бала 55 мың теңге көлемінде көмек алады. Тиісті қаражат жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын «Жалпыға бірдей білім беру» қорынан бөлінеді. Бөлінген ақша мектеп формасы мен кеңсе жабдықтарын сатып алуға бағытталады.

Кімдердің көмек алуға құқығы бар?

- Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар;
- Жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік АӘК алмайтын отбасылардан шыққан балалар;
- Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- Төтенше жағдайлар салдарынан шұғыл көмекке мұқтаж отбасылардан шыққан балалар;
- Білім беру ұйымының алқалы органы айқындайтын оқушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттары;

Көмек алу үшін жоғарыда аталған бес санаттың бірін басшылыққа алып, баланың оқу орны бойынша мектепке өтініш жазуы қажет.

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №62 (6513) 6 тамыз, сейсенбі, 2024 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕЗДЕСУ ҚАРСАҢЫНДА

Орталық Азияның диалог алаңы:

АЙМАҚ ЕЛДЕРІ
ИНТЕГРАЦИЯСЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ



2

Осы аптада Орталық Азия елдерінің басшылары Астанада бас қосады. Бұл мемлекет басшыларының консультативтік кеңесте алтыншы рет кездесуі. Аймақтың ішкі интеграциясын дамытуда маңызы айрықша бұл жиынды әу баста Астана бас болып ұйымдастырған болатын. Одан кейін аймақ елдері жыл сайын дәстүрді бұзбай жалғастырып келді. Енді міне, елордамызда аймақтың консультативтік кеңес өзінің жаңа кезеңіне аяқ басқалы отыр. Көршілес әрі мәдени-тарихи ортақтыққа ие елдердің жыл сайын бас қосып, ортақ мәселелерді бірге талқылауы, өзара қарым-қатынастарды дамытуы – уақыт талабы. Сондықтан да Орта Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кеңесінің әр отырысы аймақ елдері үшін мән берерлік маңызды саяси оқиға.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

6.08.2024

Түнде:
 +19+21 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:
 +31+33 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

 Желдің жылдамдығы:
2-7, найзағай кезінде екпіні 13м/с

7.08.2024

Түнде:
 +18+21 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:
 +33+35 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

 Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz



● КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕЗДЕСУ ҚАРСАҢЫНДА

Орталық Азияның диалог алаңы:

АЙМАҚ ЕЛДЕРІ
интеграциясының жаңа кезеңі

(Басы 1-бетте)

Сыртқы ойыншылар
бәсекесі қарқынды

Орталық Азия соңғы жылдары өзінің геостратегиялық маңызын айқын көрсете түсті. Әсіресе, державалар арасындағы бәсекелік қарым-қатынас кезінде аймақтың бірегей географиялық ерекшелігі жаһандық геосаяси жағдай үшін мәртебесін күшейтті. Теңіз сауда жолдарындағы бәсекелестіктің күшеюі, әрі ірі державалардың өзара бәсекелік іс-қимылдары Еуразия сынды алып материктегі құрлық арқылы тұтасатын сауда дәліздерінің маңыздылығын арттырды. Бұған қоса, аймақтағы мол табиғи ресурстардың қоры да болашақ әлемнің жасыл экономикасында маңызды қажетсізінудің бірі. Міне, бұл себептер жаһандық ірі күш орталықтарының аймаққа деген назарын аудартты. Нәтижесінде аймақта сыртқы ойыншылардың бәсекесі де бұрынғыдан анағұрлым қарқынды бола түсті.

Қалыптасқан жағдай аймақ елдерін өзара сенім және достық, татулық негізінде интеграцияны жедел дамытуға итермеледі. Ең бірінші кезекте сыртқы геосаяси тұрақсыздық кезінде аймақ елдері ішкі тартыстың алдын алуы аса қажет болды. Айталық Кеңес Одағы кезеңінен тартып, аймақтағы кейбір трансшекаралық түйткілдер көрші елдердің ішкі диалогында шешілуінің маңызы айқын көрінді. Трансшекаралық өзендер немесе шекара анклавтары мәселесі аймақтың тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін еді. Оған қоса, жаһандық климат өзгерісі, халықаралық сауда қатынастарының өзгеруі де аймаққа өз әсерін тигізуде. Осы және өзге де ішкі-сыртқы мәселелерде аймақ елдерінің ортақ ұстанымға, пікір бірлігіне келуі әр елдің ұлттық мүддесі үшін де қажетті шарт.

Аймақ елдері басшыларының консультативтік кездесулері осы тұрғыдан маңызды диалог алаңына айналды. Ол біртұтас геосаяси аймақ саналған Орталық Азия елдерінің ұлттық мүдделерін ұштастыра отырып, ортақ дамуға, ортақ гүлденуге негізделген интеграцияның ең негізгі механизмі деуге болады.

Тың мақсаттар мен
міндеттер

Орталық Азия елдері басшыларының консультативтік кездесуі өзінің екінші жаңа кезеңіне аяқ басты. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан аймақтық интеграцияның дамуын қалайтын және қолдайтын негізгі тараптың бірі болды. Алайда, түрлі ішкі-сыртқы факторлардың әсерінде Орта Азия елдерінің интеграциясы күткен жерден шықпады. Тіпті бұл үрдіске мүмкіндігінше кедергі келтіретін сыртқы күштер де болғаны мәлім. Соған қарамастан жаңа бір тарихи жағдай тұсында аймақ елдері өзінің жоғары деңгейдегі диалог алаңын құрып, консультативтік кездесу негізінде алға жылжытып келеді.

Қазірге дейінгі ірі күш орталықтарының аймақтағы қатысуы, мүдделі тараптардың бәсекесінің күшеюіне қарамастан аймақ елдерінің бұл диалог алаңын толық бір кезенге жалғастырып өтуі де үлкен жетістік деуге болады. Дегенмен, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркіменстан сынды елдердің ұлттық мүдделерін ұштастырып, аймақтың ортақ бірлігін, пікірі мен ұстанымын қалыптастыру үшін басып өтетін жолдың әлі де ұзақ екенін көріп отырмыз.

Көптеген елдің сарапшылары бұндай маңызды диалог алаңы өзінің екінші кезеңінде интеграциялық процестің жемісті нәтижелерін көрсете бастайды деп санайды. Қазақстан бұндай диалог алаңына екінші мәрте төрағалық ете отырып,

бірқатар тың да батыл бастамаларды ортаға салады деген болжам бар. Себебі, Астана аймақтың тұрақтылығы мен қауіпсіздігі, экономикалық дамуында интеграциялық процесті ұдайы қолдаушы тарап ретінде белгілі. Осыған қарай отырып, Астанадағы кезекті басқосуда аймақ басшыларының консультативтік кездесуі жаңа бір деңгейге жоғарылап, интеграцияны дамытудың тың мақсаттары мен міндеттерін белгілейтіні хақ.

Аймақтық қауіпсіздік –
маңызды бағдар

Бұл кездесуде Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан және Тәжікстан президенттері ынтымақтастықтың бірқатар өзекті бағыттары туралы пікір алмаспақ. Солардың қатарында аймақтағы көлік-логистика, сауда дәліздерін дамыту, бәріне ортақ экология мәселелері, сондай-ақ энергетика және азық-түлік қауіпсіздік мәселелері негізгі тақырып етілмек. Қазіргі таңда аймақтағы көшбасшы елдер Қазақстан мен Өзбекстан өзінің импорттық және экспорттық бағыттарын әртараптандыруға баса мән беруде. Астана мен Ташкенттің бұл бағыттағы белсенді іс-қимылдары аймақтағы логистика, энергетика экспорты, сауда дәліздерін дамытудағы мүддесіне сәйкес келеді. Тараптар кезекті бас қосуда Транс-Каспий бағытын дамытумен бірге, Орталық Азияның Оңтүстік Азия және Парсы шығанағы бағытындағы сауда жолдарының дамуына да назар аударатыны сөзсіз.

Астана отырысындағы тағы бір маңызды тақырып – аймақтық қауіпсіздік. Орта-Таяу Шығыста қақтығыстың ауқымды қаупі көзге көрініп тұрған бүгінгі таңда аймақ елдерінің басшылары қауіпсіздік мәселесін басты тақырыпқа шығаратыны анық. Оның үстіне болжаусыз күйдегі Ауғанстанға көршілес аймақ үшін алдағы уақытта экстремизм мен терроризм қауіптерін де жан-жақты саралауға тура келеді. Қазіргі геосаяси жағдайдың тұрақсыздығына байланысты аймақ елдерінің қауіпсіздік бағытында да ынтымақтастықты дамытуы заңды. Дегенмен, аймақ елдері ынтымақтастық іс-қимылдарын әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастар негізінде дамытпақ.

Естай БОЖАН,
сарапшы.

● ДӨНГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

ТЕГЕРАН – ТЕЛЬ-АВИВ ТЕКЕТІРЕСІ

Таяу Шығыстағы мүдделер қақтығысы аймақтық
тұрақтылыққа қатер төндіруде

• Иранның жаңадан сайланған президенті Масуд Пезешкианның инаугурациясына келген Хамас басшысы Исмаил Ханияға шабуыл Израильдің Ливан астанасы Бейрут қаласында Хезболла әскери көшбасшысы Фуад Шукургә жасалынған әскери шабуылмен тұспа-тұс келді.

«Израиль тарапы жойқын
түрде жауабын алады»

Таяу Шығыстағы саяси тұрақсыздықтың күрделене түсуінің бірден-бір себептерінің бірі – аймақта мемлекеттік емес формадағы саяси ұйымдардың белсенділігі. Аталмыш ұйымдар бекітілген халықаралық нормаларға бағынбай, келесі бір тараптан бейресми қолдау тауып отырады. Халықаралық саясатта мұндай жобаларды ертеректе «жеке әскери компаниялар» жүзеге асырып келсе, бүгінде түрлі форматтағы саяси ұйымдар атқарады. Хезболла, Хамас ұйымдары осының жарқын мысалы. Ливан жерінде белсенді түрде әрекет етіп, аймақтағы саяси конъюктураға ықпал етіп келген Хезболла мен Хамас ұйымдарының саяси көшбасшыларына жасалған әскери шабуыл, міндетте түрде аймақта қарымта шабуылды үдетіп, тұрақсыздық алып келуде. Иран көшбасшысы Аятолла Али Хамейнидің «Израиль тарапы лайықты түрде жауабын алады» деп мәлімдеуі Ливанның бірнеше батыс елдерінің азаматтары мен елшілік қызметкерлерінің отбасы мүшелерінің тездетіп шығуына ықпал етті.

G7 елдерінің сыртқы істер министрлері кеңесінде АҚШ мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен Иранның Израильге қарымта шабуылы апта басында үдеп, аймақтағы тұрақсыздыққа алып келуі мүмкін деп атап өтті. Бұл тұрғыда АҚШ Таяу Шығыстағы өз одақтарын қолдап, аймақтағы әскер контин-

Соңғы елу жыл бойына Таяу Шығыстан саяси тұрақтылық кетті. Түрлі саяси топтар арасындағы мүдделер қақтығысы аймақтық тұрақтылыққа қатер төндіруде. Өткен апта басында Иран астанасы Тегеранда палестиналық Хамас қозғалысы басшысы Исмаил Ханияға қастандық ұйымдастырылды. CNN таратқан мәліметке сәйкес, Хамас басшысы тұрақтаған үйге екі ай бұрын арнайы жарылғыш құрылғы орналастырылып, Хамас басшысы тұрақтаған сәтте жарылып, өмірін қиды. Ресми Тегеран мәліметінше, Исмаил Ханияның өліміне тікелей Израиль тарапы жауапты. Жаһандық баспасөз құралдарында Хамас басшысы Исмаил Ханияға жасалған қастандыққа жауап ретінде Иранның Израильге ықтимал шабуылы туралы талқылануда. Жексенбі күні АҚШ-тың Ливандағы елшілігі АҚШ азаматтарына ел аймағынан тез арада шығулары туралы ақпарат таратты. Мақаламызда Таяу Шығыстағы «қырғи қабақ» соғысы аталып кеткен Иран мен Израильдің байланысына талдау жасап көрелік.



(Дереккөз: www.orda.kz).

гентін қайта қарайтынын ашық жариялады. Қазірдің өзінде Таяу Шығыс аймағына АҚШ тарапынан қосымша әскери құралдар жеткізілуде.

Хамас саяси қозғалысы басшысына Иран жерінде қастандық жасалуы, Газадағы саяси

қақтығыс бойынша қалыптасып келе жатқан келіссөздерді кері шегіндірді. Хамас басшысына Иран жерінде қастандық ұйымдастырылуы халықаралық саясатта Тегеранның имиджі мен әлеуетіне нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да бүгінде Иран тарапынан

Израильге қарата жасалатын жауаптың жойқын болатынын әлем ескертуде. Десе де, Таяу Шығыстағы қақтығыстың бейбіт түрде шешімін табуында аймақтағы мемлекеттік емес саяси күштермен күресіп, ортақ түсінік қалыптастыру өте маңызды.

Тұрақтылықтың орныққаны
өте маңызды

Еліміз үшін Таяу Шығыс аймағында тұрақтылықтың орныққаны өте маңызды болып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың прагматикалық құндылықтарға негізделген көпвекторлы сыртқы саясаты әрқашанда тараптарды БҰҰ жарғысы аясында ортақ мәмілеге келуге шақыруда. Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрлігі Иран мен Израиль арасындағы шиеленістің күрт нашарлауына байланысты алаңдаушылық білдіріп, тараптарды барлық келіспеушілікті тек саяси-дипломатиялық жолмен шешу үшін ұстамдылық пен кідіріссіз шаралар қабылдауға шақырып келуде.

Иран мен Израиль қақтығысы Таяу Шығыстағы ахуалды бұрынғыдан да күрделі ете түсті. Оған дейін адамзатты соғыс өртіне тұншыққан Палестинадағы халықтың мүшкіл жағдайы алаңдатса, сол қатарға енді Тегеран – Тель-Авив текетіресі қосылып отыр. Бүкіл әлем Таяу Шығыстың тыныштығына бас қатырады. Сол қатарда Қазақстан да өңірдегі күрделі ахуалдың күрмеуі шешілсе деп үміттеніп отыр.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

Аймақты біріктіруші фактор:

«ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК ТАНДЕМІ»

7-8 тамыз күндері Қазақстанға Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев мемлекеттік сапармен келеді. Бұл туралы 31 шілдеде Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады. Қос мемлекет басшылары биыл екінші рет кездесу өткізбек. Бұған дейін 5 сәуірде Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстанға сапар жасап, көрші елдің басшысымен бейресми жағдайда кездескен. Алдағы кездесудің орын бөлек. Себебі, 9 тамызда Астанада Орталық Азия мемлекеттері басшыларының алтыншы Консультативтік кездесуі өтеді.

Үшінші мемлекеттік сапар

Шавкат Мирзиёев Қазақстанға үшінші рет мемлекеттік сапармен келеді. Атап өтер болсақ, 2017 жылдың наурызы мен 2021 жылдың желтоқсаны. Ал Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылы сәуірде, 2022 жылы желтоқсанда Өзбекстанға мемлекеттік сапармен барған. Екіжақты қарым-қатынас Орталық Азия аймағының интеграциясына оң әсер етіп келеді. Жалпы «Қазақ-өзбек тандемі» бүгін пайда болған жоқ. Ол туралы алғаш рет Қазақстан Президентінің Өзбекстанға сапары барысында айтылды. Екі мемлекеттік басшылары биыл 5 сәуірде бейресми форматта кездесу өткізген болатын. Онда Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақ-өзбек тандемі» өмірлік қажеттіліктен туғанын және бірге әрі жұмыла әрекет еткенде ғана елдеріміздің орнықты дамуын қамтамасыз етуге болатынын» мәлімдеген. Қазақстан мен Өзбекстанда соңғы онжылдықтан орын алған билік транзиті екі мемлекет арасында ғана емес, тұтас Орталық Азия аймағына оң әсер етті. Бұрын екі елдің саяси бәсекелестігі жиі айтылса, қазір «қазақ-өзбек тандемі» жайлы көбірек айтылуда.

2016 жылы Шавкат Мирзиёев Өзбекстан Президентігіне сайланды. Осылайша ресми түрде билік транзиті жүзеге асты. Ол билікке келгесін ішкі және сыртқы саясатта, қаржы-экономикалық, діни және өзге де салаларда реформа жасай бастады. «Жаңа Өзбекстан» стратегиясы қабылданды. Әсіресе, сыртқы саясатта күрделі бетбұрыс жасалды. Саяси,



(Дереккөз: akorda.kz).

экономикалық жабықтықты ұзақ жылдар бойы ұстанған Өзбекстан бірте-бірте ашыла бастады. Сыртқы саясатта Орталық Азия аймағымен тығыз байланыс орнатылды. Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Консультативтік кездесуін өткізу идеясы да Шавкат Мирзиёевке тиесілі екенін айта кеткен жөн. Елдің сыртқы саясаты экономикалық прагматизм аясында жүргізіліп келеді.

2019 жылы Қазақстанда да билік транзиті басталды. 2022 жылы бұл үдеріс толық аяқталды. Сыртқы саясатта көпвекторлық сақталды. Әсіресе, Орталық Азия бағытында біршама жұмыстар атқарылып келеді. Осылайша екі елдегі күрделі қоғамдық-саяси оқиғалар «қазақ-өзбек тандемін» өзекті ете түсті. Бұл шынымен де өмірлік қажеттіліктен туындады. Себебі, аймақтық интеграциясыз жеке-дара әрекет ету қиындады.

Мүдделер түйіспек

Шавкат Мирзиёевтің Қазақстанға ресми сапармен келуі биылғы екінші маңызды саяси оқиға болмақ. 2-4 шілдеде Қасым-Жомарт

Тоқаевтың шақыруымен елімізге мемлекеттік сапармен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин келген еді. Бұл оқиғалар не үшін маңызды? Екі мемлекеттік сапар да еліміз, тұтас аймағымыз үшін маңызды халықаралық шара алдында жоспарланған. 3-4 шілде күндері Астанада ШЫҰ саммиті өтті. Ұйымның атауы айтып тұрғандай, онда Қытай басты саяси ойыншы. Сондықтан Астана Бейжіңмен алдын ала келіссөз жүргізді. Оның үстіне Қазақстан ұйымға төраға болды.

Енді міне, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Мирзиёевпен кездесу өткізбек. Протоколға сәйкес алдымен шағын, одан соң кеңейтілген құрамда кездеседі. Басты тақырып 9 тамызда өтетін Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Консультативтік кездесуі екеніне күмән жоқ. Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Консультативтік кездесуі биыл алтыншы рет ұйымдастырылмақ. Аймақ басшыларының саммиті 2018 жылдан бері өтеді.

Маңызды құжат қабылданады

Биыл Қазақстан Консультативтік кездесудің төрағасы. Бұл жағынан да ШЫҰ саммиті аясындағы биылғы ресми шараға ұқсас. Енді келесі төраға Өзбекстан болмақ. Осы орайда екіжақты кездесуде Ташкенттің төрағалығы аясында алға қойған мақсаты, жоспары жайлы сөз қозғалуы мүмкін. Бұдан бөлек 9 тамызда өтетін кездесуде қол қойылатын құжаттар жайлы да әңгіме болары сөзсіз. Кездесуде «Орталық Азия – 2040» стратегиясы қабылданады. Бұл туралы Қасым-Жомарт Тоқаев мәлімдеді.

Биыл 16 мамырда Мемлекет басшысы Астанада Орталық Азия елдері қауіпсіздік кеңестерінің хатшыларын қабылдады. Онда: «Біз Аймақтық кооперацияны дамыту жөніндегі «Орталық Азия – 2040» стратегиясын әзірледік. Осы тарихи шартқа қол қою рәсімінің аяқталуы және оның күшіне енуі Астанадағы саммиттің басты нәтижесінің бірі болар еді деп санаймын. Біздің бесжақты форматты институционалдық тұрғыда одан әрі жетілдіру өзекті болып қала береді, – деді Қазақстан Президенті. Бұдан бөлек, саммитте сауда-экономикалық интеграция, аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылық тақырыптары көтеріледі. Әсіресе, Ауғанстан, халықаралық терроризм мен экстремизм, есірткі тасымалына, қару-жарақ саудасына қарсы күрес туралы мәселелер қозғалуы мүмкін.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президентінің көмекшісі Саида Мирзиёеваны қабылдады.

Кездесу барысында екі ел арасындағы көпжақты серіктестікті одан әрі ілгерілетуге қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

Жетінші сайлау

Өзбекстан тәуелсіздік алғалы бері 6 парламент сайлауы өткен. Биыл 27 қазанда жетінші сайлау өтеді. Атап өтер болсақ: 1994-1995, 1999, 2004-2005, 2009-2010, 2014-2015, 2019-2020 жылдар. Қос палаталы Олий Мәжіліс ретінде бесінші шақырылым депутаттары сайланады. Алғашқы екі сайлауда бір палаталы парламент жұмыс істеген. Сонымен қатар, парламенттен бөлек Қарақалпақстанның Жоғарғы Кеңесі мен жергілікті кеңестердің жаңа құрамы анықталмақ.

Қолданыстағы Конституцияға сәйкес Олий Мәжіліс Заң шығарушы (төменгі) және Сенат (жоғарғы) палаталарынан тұрады. Екеуінің де өкілеттік мерзімі 5 жыл. Заң шығарушы палата 150, ал Сенат 65 депутаттан тұрады. Сенаттың 9 депутатын Президент тағайындайды. Қарақалпақстаннан 4 депутат Сенатқа жанама түрде сайлануға құқылы. Қарақалпақстанның Жоғарғы Кеңесі бір палаталы орган ретінде 65 депутаттан тұрады.

Қос палатаның депутаты болуға жасы 25-ке толған, республика аумағында 5 жылдан кем емес уақыт бойы тұрақты тұруы тиіс. Бір адам екі палатаға да мүше бола алмайды. Себебі, мүдделер қақтығысы болуы мүмкін. Сонымен қатар, Заң шығарушы палатаның депутаты Қарақалпақстанның Жоғарғы Кеңесінде бір уақытта лауазымды қызмет атқара алмайды.

«Жаңа Өзбекстанның» парламенті

Біз жоғарыда парламентаризмнің төртінші кезеңі жайлы сөз қозғадық. Оны 2016 жылдан бастаған жөн. Бұл кезеңдегі алғашқы сайлау 2019-2020 жылдары өтті. Биыл қазан айына екіншісі жоспарланған. Бүгінге дейін билік сайлау жүйесіне айтарлықтай өзгеріс жасады.

27 қазанда өтетін сайлау алғаш рет аралас жүйе арқылы өтпек. Депутаттар мажоритарлы-пропорционалды жүйемен сайланады. Төменгі палатаның 75 депутаты мажоритарлы жүйемен бір мандатты сайлау учаскесі бойынша, қалған 75-і пропорционалды, яғни партиялық тізіммен сайланады.

Аралас сайлау жүйесіне өту туралы ұсынысты Өзбекстанның президенті Шавкат Мирзиёев ұсынған болатын. Ол биыл 6 наурызда депутаттармен кездесіп, мұндай ұсынысты енгізудегі мақсаты саяси партиялардың ролін арттыру екенін мәлімдеген. Бұған дейін депутаттар мажоритарлы жүйе бойынша сайланған. Бір қызығы, Өзбекстан саяси жүйені реформалауда Қазақстанның тәжірибесін мұқият бақылап, зерттеген сияқты. Басты ерекшелігі пропорцияда. Қазақстанда 70/30 болса, Өзбекстанда 50/50.

Бетгі әзірлеген
Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ӨЗБЕКСТАН:

ПАРЛАМЕНТАРИЗМ
ИНСТИТУТЫ
қалай дамыды?


Биыл 27 қазанда Өзбекстанда Олий Мәжілістің төменгі палатасы (парламент), Қарақалпақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі және жергілікті кеңестер сайлауы өтеді. Бұл туралы 26 шілдеде Өзбекстанның Орталық сайлау комиссиясы мәлімдеді. Бауырлас елде тәуелсіздік алғаннан бері жетінші рет парламенттік сайлау өтпек. Осы уақытқа дейін көрші елдің парламентаризм институты күрделі кезеңдерді басынан өткізді. Ресми ақпарат көздерінде оның тарихын үш кезеңге бөліп қарастыру дәстүрге айналған. Ендеше, заң шығарушы органның қалыптасу тарихына тоқталсақ, Себебі, Олий Мәжіліс әу бастан қос палаталы болмаған.

Төрт кезең

Олий Мәжілістің ресми сайтында Өзбекстан парламентінің тарихы жайлы қысқа ақпарат берілген. Онда тәуелсіз елдің парламентінің тарихын 3 кезеңге бөлген:

- Бірінші кезең: 1991–1994 ж.ж.
- Екінші кезең: 1995–2004 ж.ж.
- Үшінші кезең: 2005 жылдан қазірге дейінгі аралықты қамтиды.

Алғашқы екі кезеңде бір палаталы парламент жұмыс істеген. 1994 жылға дейін Жоғарғы Кеңес ретінде, кейін Олий Мәжіліс құрылды. Қазақстанның парламентаризм тарихымен салыстыруға болады. Өзбекстанның ерекшелігі – Олий Мәжіліс бастапқыда бір палаталы құрылым ретінде құрылды. Ал Қазақстанда қос палаталы парламент жұмыс істеуде.



(Дереккөз: gazeta.uz).

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ

ЖАҢА ТЕХНИКА

қол еңбегін азайтуға септігін тигізеді

Санитарлық тазалық жүргізудің сапасы мен жеделдігін арттыру үшін Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен «Алматы Тазалық» МКК үшін жолды тазартуға арналған мамандандырылған техника мен тракторлардың жаңа буыны сатып алынды.

Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

ды дамыту басқармасының басшысы Дулат Әшкенов.

Жалпы, биыл тағы 20 бірлік техника сатып алу жоспарланып отыр:

- 5 электр сыпырғыш-жинау машинасы – дыбыссыз жұмыс істейді, бұл оларды түнде пайдалануға мүмкіндік береді.
- 3 сұйық реагент шашқыш – көктайғаққа қарсы қолданылады.
- 2 ассенизатор машинасы – еріген суды соруға арналған.
- 10 аралас жол машинасы – жол тазалауға арналған.

Бүгінде Алматының 2318 көшесі санитарлық мақсатта тазалау жұмыстарына 1084 бірлік арнайы техника жұмылдырылған, 1240 жұмысшы бар.

Еске салсақ, биыл 19 шілдеде VIII сайланған мәслихаттың кезектен тыс XXI сессиясы барысында депутаттар Алматы қаласының аумағын көріктендірудің жаңа ережесін бекітті. Ереже қыста және жазда аумақтарды, көше-жол желілерін жинау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

ЭКОНОМИКА

Биыл 6 айда Алматыда негізгі капиталға 715 млрд теңге инвестиция тартылды. Өсім 15,8%. Жеке инвестиция 21,1% өсіп, 656,4 млрд теңгеге жетті. Бұл туралы Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы хабарлады.

Мамандардың айтуынша, инвестиция IT-сектор (3,8 есе өсу), туризм (2,5 есе), өңдеуші өнеркәсіп (2 есе), денсаулық сақтау (2 есе) және көлік саласында (+47,1%) байқалған. 2024 жылы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 10% өсіп, нақты өсім 2 трлн теңгеден астам сомаға бағаланды.

Жыл басынан бері
32 мыңнан астам
жаңа жұмыс орны
ашылды

Алматының Экономика басқармасы мамандарының мәліметінше, биыл маусым айында жылдық инфляция мамырдағы 9%-дан 8,4%-ға дейін баяулады. Бұл азық-түлік тауарлары бағасының 7,7%-ға және

715 млрд теңге инвестиция!



азық-түлік емес тауарлар бағасының 5,6%-ға дейін төмендеуі есебінен болды. 2024 жылы жылдық инфляция одан әрі 7-7,5%-ға дейін баяулайды деп болжанып отыр.

Биыл бірінші тоқсанда номиналды ақшалай кіріс орта есеппен әрбір алматылыққа 22,9% өсіп, 287 мың теңгеге жетті. Нақты мәнде өсім 11,9%.

Орташа айлық жалақы 454 мың

теңге болып, номиналды мәнде жалақы 16,4%, нақты мәнде 6% өсті.

Тұрақты жұмыс орындарын құруға баса назар аударылып отыр. 32,7 мың жұмыс орны құрылды, оның 75%-ы тұрақты. Осылайша жұмыссыздық деңгейі 4,7%-ға дейін төмендеді.

Әзірлеген Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Көлік қозғалысы шектеледі

2024 жылдың 5 тамызы мен 15 қыркүйегі аралығында Алматы қаласы Бостандық ауданында Дунаевский мен Левитан көшелерінің арасындағы түйік көшеде екі бағытта да автокөліктер үшін қозғалыс тоқтайды.

Уақытша шектеулер 1976 жылдан бері пайдаланылып келе жатқан жалпы ұзындығы 1240 метр болатын, аталған көшенің көлік жолы бөлігінің астынан өтетін құбырды жаңғырту учаскесінде жоспарлы жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін енгізілмек.

Бұл құбыржол 153 көппәтерлі тұрғын үйді, 7 жеке тұрғын үйді, 5 балабақшаны, 4 мектепті, 2 денсаулық сақтау нысанын және басқа да 15 нысанды жылумен және ыстық сумен қамтамасыз етеді.

Жаңғырту жұмыстары кезеңінде аталған тұтынушылар ыстық сумен бұрынғысынан үздіксіз қамтамасыз ете берілетін болады.

Естеріңізге сала кетейік, қозғалысты шектеуге қатысты барлық ақпарат Almaty.kz сайтында, @AlmatyJoly Telegram-арнасында, аудан әкімдіктері мен басқармаларының әлеуметтік желілерінде, сондай-ақ «2GIS» және «Яндекс карталары» сервистерінде орналастырылған. «Алматы жылу жүйесі» ЖШС мамандары уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды сұрайды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

ӨЗГЕНІҢ МҮЛКІНЕ
ҚОЛ СҰҚПА

Қалада заңсыз айналымға шыққан 31 млн теңгенің контрафактілік өнімдері анықталды

Алматы қаласы Әділет департаментінің зияткерлік меншік құқықтары бөлімінің басшысы Еркебұлан Жетпісбаев Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте тауар белгілерін заңсыз пайдалануға қарсы күрес туралы айтып берді.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

«Жаһандану және коммерциялық белсенділіктің өсуі дәуірінде контрафактілік өнім мәселесі барған сайын өзекті және өткір бола түсуде. Сауда белгілерін заңсыз пайдалану құқық иелеріне зиян келтіріп қана қоймайды, сонымен қатар тұтынушылардың нарыққа деген сеніміне нұқсан келтіреді, сондай-ақ, олардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Алматы қаласы Қазақстан Республикасының маңызды экономикалық және мәдени орталығы ретінде бұл мәселеден тыс қалмайды», – деді Еркебұлан Жетпісбаев.

Спикердің сөзіне сүйенсек, биыл жыл басынан бері Алматы қаласы Әділет департаментінің зияткерлік меншік құқықтары бөлімі мынадай нәтижелерге қол жеткізді: 66 әкімшілік құқық бұзушылықтың жолын кесіп, іс қозғады, оның барысында 31 млн 223 мың 523 теңгеге 31 978 контрафактілік өнім заңсыз айналымнан алынды.

Брифингке қатысқан Алматы қаласы Әділет департаментінің баспасөз хатшысы Алмас Бекботаев Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бөтен тауар белгілерін заңсыз пайдаланатын құқық бұзушылар үшін әкімшілік, қылмыстық жауапкершілік және азаматтық сот ісін жүргізу көзделгенін атап өтті.

«Көшірмемен күресу және сауда белгілерін қорғау – біздің алдымызда тұрған маңызды міндет. Алматы қаласының Әділет департаменті зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды қамтамасыз етіп, адал және ашық нарық құруға ықпал ете отырып, осы бағытта белсенді жұмыс істеуді жалғастырады. Біз заңсыздықтың жолын кесу арқылы осы маңызды салада айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізе алатынымызға сенімдіміз», – деді Алмас Бекботаев.

БРИФИНГ

Шомылғанда да абайлау керек

Биыл шомылу маусымы басталғалы еліміздің су айдындарында 100-ден астам адам суға батқан, оның 35-і бала. Бұл туралы Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы ТЖД азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері, капитан Есбол Сұлтанов мәлімдеді.



(Сурет: ашық дерекзоден).

рындағы қауіпсіздік ережелерін бұзғаны үшін ҚР ӘҚБтК-нің 412-бабы бойынша жалпы сомасы 595 мың теңгеге 23 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды, 364-бап бойынша жалпы су пайдалану ережелерін бұзғаны үшін 6 адамға ескерту берілді, 440-бап бойынша алкогольдік ішімдіктерді ішкені үшін 6 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды», – деді спикер.

Осыдан екі жыл бұрын Алматыда жүзу шекарасын анықтауға және батып бара жатқандарды ерте анықтауға мүмкіндік беретін қашықтықтан мониторинг жүргізетін жүйе сыналған болатын. Қазіргі уақытта қала су айдындарының 9 қауіпті учаскесінде осындай камералар орнату жоспарланып отыр.

Нұр ЖАМАЛ.



СТАТИСТИКА

Ұлттық статистика бюросы биылғы жартыжылдық бойынша еліміздегі инфляция деңгейі мен демографиялық статистиканың жаңартылған деректерін, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқаша қорытындыларын жариялады.

2024 жыл, шілде:

АЛМАТЫДАҒЫ ИНФЛЯЦИЯ ДЕҢГЕЙІ ҚАНДАЙ?




Ресми мәліметтерге сүйенсек, 2024 жылғы шілдеде елімізде айлық инфляция деңгейі 0,7%-ды құраған (ағымдағы жылғы маусымда – 0,4%). Ақылы қызметтердің бағасы 1,6%-ға, азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 0,7%-ға, азық-түлік тауарлары 0,2% -ға өскен. Бағаның өсуі ұялы байланыс үшін 11,5%-ға, интернет-байланыс қызметі бойынша 6,8%-ға өсті. Әуе көлігінің қызметі 12,9%-ға, кешенді демалысты ұйымдастыру қызметі 11,5%-ға қымбаттаған.

Биылғы шілде айында баллондардағы сұйытылған газ бағасы 5,3%-ға өскен. Ыдыс-аяқ 1%-ға, киім мен аяқкиім 0,8%-ға қымбаттады. Дәрі-дәрмектер бағасы 0,6%-ға өскен. Азық-түліктен қырыққабат бағасы 16,8%-ға, картоп – 7,5%-ға, пияз – 7,3%-ға өсті. Темекі өнімдері – 3,8%-ға, минералды су 1,6%-ға өсті. Бір айда арзандаған тауарлар ішінде қызанақ бағасы 18,2%-ға төмендеді, тәтті бұрыш – 11,2%-ға, қызылша – 6,3%-ға, қияр – 5,8%-ға, сәбіз 2,1%-ға арзандаған. 2024 жылғы шілде айында аймақтар бойынша инфляция деңгейі төмендегідей болды:

Аймақтардағы инфляция деңгейі (2024 жылғы шілде)

өткен айға пайызбен, өсуі



ДЕМОГРАФИЯ

Мегаполис халқының өсімі және көші-қон

Биылғы жылдың 1 шілдесіндегі есеп бойынша Қазақстан халқының саны – 20 159 707 адамды құрады, оның ішінде қала тұрғындары – 12 573 637 адам, ауыл тұрғындары – 7 586 070 адам. Жарты жылдың ішінде халық саны 125 867 адамға артқан. Табиғи өсім есебінен 118 579 адамға көбейсек, көші-қон есебінен 7289 адам қосылған. Халық санының ең жоғары өсу қарқыны Астана мен Шымкент қалаларында тіркелген. Сәйкесінше, статистика 2,93% бен 1,38% пайызды көрсеткен. Ал үшінші орындағы Алматы қаласында өсу қарқыны – 1,33%.

Әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасының деректері бойынша 2024 жылғы 1 шілдеде Алматы қаласы халқының саны 2 258 253 адамға жеткен.

Халықтың табиғи өсімі биылғы қаңтар-мамырда 9385 адамды құраған еді (өткен жылдың сәйкес кезеңінде 9408 адам).

2024 жылғы қаңтар-мамырда туылғандар саны 14404 адамды құраса (2023 жылғы қаңтар-мамырға қарағанда 1,5% артық), қайтыс болғандар саны 5019 адамды құрады (2023 жылғы қаңтар-мамырға қарағанда 5% артық). Оң мәнді көші-қонның айырмасы қалыптасты және 15440 адамды құрады (2023 жылғы қаңтар-мамырда – 14286 адам), оның ішінде сыртқы көші-қонда – 2185 адам (2141) – оң мәнді көші-қон айырмасы, ішкі көші-қонда оң мәнді көші-қонның айырмасы – 13255 адам (12145).

2024 жылғы қаңтар мен шілде арасындағы Алматы қаласы халқының саны

адам

	2024 жылғы 1 қаңтарына саны	Халықтың жалпы өсімі	Оның ішінде		2024 жылғы 1 шілдеге саны	Есепті мерзімдегі	
			табиғи өсім	көші-қон айырмасы		өсім қарқыны, пайызбен	орташа саны
Алматы қаласы	2 228 677	29 576	11 220	18 356	2 258 253	1,33	2 243 465
Алматы ауданы	266 077	1 708	662	1 046	267 785	0,64	266 931
Алатау ауданы	369 998	7 056	3 395	3 661	377 054	1,91	373 526
Әуезов ауданы	358 132	86	1 448	-1 362	358 218	0,02	358 175
Бостандық ауданы	328 788	4 713	1 042	3 671	333 501	1,43	331 145
Жетісу ауданы	198 519	701	829	-128	199 220	0,35	198 870
Медер ауданы	247 366	2 274	916	1 358	249 640	0,92	248 503
Наурызбай ауданы	200 502	9 585	1 964	7 621	210 087	4,78	205 295
Түркісіб ауданы	259 295	3 453	964	2 489	262 748	1,33	261 022

2024 жылғы 1 шілдеде жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздар ретінде тіркелгендер саны – 28738 адамды құраған немесе жұмыс күшінің санына 2,6% болып қалыптасты. 2024 жылғы қаңтар-маусымда пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы алаңы 0,8%-ға өсіп, 1235,3 мың шаршы метрді құраған.

2024 жылғы қаңтар-маусымда негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 714809,2 млн теңгені немесе 2023 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда 115,8%-ды құрады.

Тіркелген заңды тұлғалар саны 2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 151258 бірлікті құрап, өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 3,4%-ға көбейді, оның ішінде 100 адамнан кем қызметкерлері барлар – 149562 бірлік. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны 116461 бірлікті құрады, оның ішінде шағын кәсіпорындар 114870 бірлік. Қалада тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындар (заңды тұлғалар) саны – 141497 бірлікті құрап, өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 3,7%-ға көбейген.

2024 жылғы қаңтар-наурызда жалпы өңірлік өнім көлемі қолданыстағы бағамен 5321676 млн теңгені құрап, 2023 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда нақты ЖӨӨ 4,7%-ға өскен.

Тұтыну баға индексі 2024 жылдың маусымында 2023 желтоқсанмен салыстырғанда 103,4%-ды құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы 4%-ға, азық-түлік емес тауарлары – 2,5%-ға, халыққа көрсетілетін ақылы қызметтердің бағасы – 3,4%-ға өсті.

2024 жылғы қаңтар-маусымда бөлшек сауда көлемі 2756325,1 млн теңгені құрады. Бұл 2023 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 5,5%-ға көп.

2024 жылғы қаңтар-маусымда көтерме сауда көлемі 7058448,6 млн теңгені құрап, 2023 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 100,1%-ды құрады.



V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары қарсаңында

Көшпелі халық САЛТ-ДӘСТҮРІН ДӘРІПТЕГЕН...

Алматы ипподромында этноспорттық фестиваль өтті



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Ұлттық спорт түрлерінен жарыс тура бір айдан кейін Астанада өтетін осы жылдың ең маңызды оқиғасы – V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын насихаттау мақсатында өтті. Қазір этноспорттық жарысқа қатысатын Қазақстанның ұлттық құрамасы соңғы дайындық жаттығуларын өткізуде.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Осымен жетінші рет ұйымдастырылған фестиваль бағдарламасында төл спортымыздың бірнеше түрі қамтылды. Атап айтсақ, көкпар, жамбы ату, теңге ілу, аударыспақ, тоғызқұмалақ, қол күресі, қой көтеру, асық ату, қазақша күрес, құнан бәйге және аламан бәйге. Алматы ипподромындағы іс-шараға еліміздің түкпір-түкпірінен ұлттық спорт жанашырлары жиналды. Фестивальде алматылықтар мен қала қонақтары ұлттық спорт түрлері және оның ережелерімен танысып қайтты. Сондай-ақ, елімізге танымал «Сұлттан сері» мен «Топжарған» этно-орталықтарының шабандоздары өнер көрсетті. Ат

үстіндегі жауынгерлік жаттығу, жігіттік өнер, құсбегілік сынды көшпелі халық салтын дәріптейтін ұлттық өнерімізді тамашалады. Қолөнер шеберлерінің әшекей және тұрмыстық бұйымдар көрмесі өтті.

Спорт түрлерінен жүлделі орын алған жеңімпаздар сый-сияпатпен марапатталды.

Қазақстанда тұңғыш рет түйе үстінде отырып жамбы атып, рекорд орнатқан Аружан Амангелдіқызы мен білегіне құс қондырған құсбегі қыз Аяжан Даниярқызы да өз өнерлерін ортаға салып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

«Қаламыздың дәстүрлі шарасы жыл сайын қазан айында өтетін еді. Биыл көшпенділер ойынын насихаттау үшін барлығын ерте ұйымдастырдық. Осы тамыз айында жоспарланған іс-шаралар үгіт-насихат

ретінде өтеді. Шетелдік қонақтар Дүниежүзілік көшпенділер ойынының қалай өтетінін білу үшін атрибуттары мен логотиптерін қойып, барлық жерде насихаттаудамыз.

Бүгінгі фестивальде Дүниежүзілік көшпенділер ойынының бағдарламасы бойынша Алматы қаласынан ғана емес, барлық облыстан, әр аймақтан баратын елшілер мен батырлар жиналды. Елшілер құрамында ұлттық спортқа еңбегі сіңген жаттықтырушылар мен ардагерлер бар», – дейді қалалық ұлттық спорт және ат спорты клубының басшысы Нұрлан Ергешұлы.

Фестиваль соңында ұлттық бәйгенің 2 түрінен жарыс өтті. Көшпенділер ойынына іріктелген, дайындығы мықты аттар қатысты. Алдымен 9 шақырымдық жарыс жолына 34 құнан түсті. Құнан бәйгеде бес құнанға жүлде белгіленген. Бас жүлдеге 1 миллион теңге сыйақы берді. Бұл жарыста ұлттық бәйгелерде өте сирек кездесетін құбылыс – жалғыз қыз бала қатысты. Алуа есімді шабандоз бәйге басынан көрінбесе де, бірнеше айналым бойы арғымағын артқы топтан адастырмай, бірқалыпты ұстап отырды. Ал 10 айналым, яғни 20 шақырым-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Болатбек АХМЕТБЕКҰЛЫ,
Алматы қаласы «Алатау» қазақ күресі федерациясының басқарма төрағасы:

Мемлекеттік Туды
алматылық
балуан алып шығады

«Ұлы дала ойындарының» Алматы қаласындағы турниріне 2012, 2013, 2014, 2015 жылғы жасөспірім балуандар да қатысуда. I, II, III орын алған жеңімпаздар Алматы қаласы Спорт басқармасы тағайындаған жүлделі медальдар мен сыйлықтарымен марапатталды.

Көшпенділер ойынына Алматы қаласынан қазақ күресі бойынша 2 балуан жолдама алды. 90 келіде белдесетін балуанымыздың бірі – Ерасыл Жанатаев ашылу салтанатында Қазақстанның Мемлекеттік Туын алып шығады.

Аружан АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ,
түймен жамбы атушы қыз:

Көшпенділер ойынына
дайынмын!

Ауылда өскеннен кейін бес жасымнан бастап атқа мініп үйрендім. Қалаға келгеніме 2 жыл болды. Сол кезде Алматыдағы танымал этно-орталықтардың бірі – «Топжарғанның» басшысы жұмысқа шақырды. Садақ атып, бүркіт ұшыруды үйретті. Содан бері осы орталықта жұмыс істеп келемін. Өзім дене шынықтыру және спорт мамандығында оқитындықтан, оқуыма кедергі емес.

Біз жамбы атумен тұңғыш рет Гиннес рекордтар кітабына енгеннен кейін өз елімізде өтетін Дүниежүзілік ойындарда неге түймен жамбы атпасқа деген ой келді. Қазір дайындық қызу жүріп жатыр. Осындай ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін іс-шараларда жиі өнер көрсетіп тұрамыз. Мәдени орталықта басқа да қыз-жігіттер бар. Олардың әрқайсысы бір төбе, бәрі де ат үстінде жүрген азаматтар. Ұлттық ойындарымыз бен спортымызды әлемге паш етуге дайынбыз!

дық аламан бәйгеге 64 сәйгүлік қатысты. Олардың жартысы ғана мәреге дейін жетіп, Әлихан есімді шабандоздың «Виза» атты жүйірігі бірінші келді. Оған 1,5 миллион теңге сыйақы табысталды.

«Жасым 12-де. Басты тактикам – бірінші айналымнан бастап топтың ортасында ұстап отыру, одан кейін соңғы айналымда асықпай жылдамдық қосу. Мен үшін әр бәйгенің қиындығы болады. Бүгінгі бәйгелерде қиындық көп болмады. Бірақ атым басында біраз жүлқынды. Сосын сабасына түсірдім», – дейді аламан бәйге жеңімпазы Әлихан Бақытжанұлы.

ШЕТЕЛДІК ҚОНАҚТАР ЛЕБІЗІ



Аслынұр ЖЕРЕН ГЕНЧ:

Ұлттық ойындардың көбі
жылқымен байланысты екен

Биыл Қазақстанның бас қаласында V көшпенділер ойындары өтеді. Бұл шараға әлемнің 100-ге жуық елінен 2 мыңға жуық спортшы қатысады. Алматыда соның аясында мәдени іс-шаралар басталып та кетті. Солардың бірі – «Ұлы дала ойындары» фестивалін тамашалап, қазақ

халқының ұлттық мұрасымен танысқанымға қуаныштымын. Бір түсінгенім, спорттардың көбі, тіпті ұлттық ойындар да жылқымен байланысты екен. Бұл жануар ежелден дәстүрлі спорттың бір бөлігіне айналған. Ұлттық спорттың сан алуан түрі бар. Әсіресе, көкпардың шоқтығы биік екенін байқадым. Ат жарысы, күрес, садақ ату, қыран құсты аңға салу, өзге де бағдарламалар маған ұнады. Жалпы, осы шараға қатысып, Орта Азия халықтарының маңызды мұраларымен танысуға, зерттеуге мүмкіндік алдым. Осындай фестивальдер арқылы көшпелілер мәдениетін білуге болады. Ұлттық қатынастарды да нығайтады деп ойлаймын.



Пелин АРГУН:

Қазақ мәдениетімен
жақын таныстым

Көрермен назарына аударыспақ, қыз қуу, теңге ілу, аударыспақтан көрсетілімдер және тоғызқұмалақ пен асық ату сынды ойын түрлері ұсынылды. Спорттың ұлттық түрлеріне қатысқан аттар қызық болып көрінді. Әр спортқа лайықталған жылқылар болады екен. Мәселен, көкпар мен бәйгеге әртүрлі аттар қатысты.

Әсіресе, қыз баланың жылқыға қызығып, ер-азаматтармен қатар ат үстінде өнер көрсетуі таңдай қақтырды. Спорттық жарыстардан бөлек, концерттік бағдарлама да ұйымдастырылған. Жалпы, маған ұнады. Жылқыларды жақыннан көріп, қазақ мәдениетімен таныстым.

Хюсна ГИРГИН:

Атпен шабуды үйренгім келеді

Жастар мен спортшылардың дене қабілеттерін шыңдап, спортпен шұғылданауда ат спортының маңызы зор. Қазақ мәдениеті ат спортымен терең байланыс орнатқан.

Маған Алматы ипподромы ұнады. Атшабар алаңы кең, алыстан көрінетін Алатау да көз алдымызға Қазақстанның табиғатын паш етті.

Биыл Стамбул қаласындағы атқа міну курсына шақырту алдым. Елге оралған соң атпен шабуды үйренгім келеді. Қазір жастар арасында трендке айналып келеді. Мен жылқыны қатты жақсы көремін. Бүгінгі фестивальде ат үстінде өнер көрсеткен қыздардың қорықпай атпен шапқанын көріп, менің де құлшынысым еселенді.



БӘРЕКЕЛДІ!

БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ

Олимпиада жүлдегерлері елге оралды

2024 жылғы Жазғы Олимпиада ойындарының жүлдегерлері Алматыға келді. Солардың қатарында Париж Олимпиадасының дзюдодан чемпионы Елдос Сметов пен қола жүлдегері Ғұсман Қырғызбаев бар. Оларды жерлестері мен алматылық жұртшылық қуана күтіп алды.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Жүлдегерлерді күтіп алушылар қатарының көптігі соншалық, жан-жақтан қауылап, сол жерде әлеуметтік желілер мен телеарнадан тікелей эфирге шығарып жатты. Жеңісті күндердің жаршысы болуға атсалысқан әрбір жан осылайша әрқашанда қолдау танытары анық.

Мықтының аты мықты

Айта кетейік, Елдос Сметов 2016 жылы Риода – күміс, 2021 жылы Токиода – қола, 2024 жылы Париж Олимпиадасында – алтын жүлде ұтты. Отандасымыз 1980 жылғы Мәскеу Олимпиадасының чемпионы аты аңызға айналған спортшы Жақсылық Үшкөмпіровтен кейінгі бірден-бір айрықша жеңімпаз. Сол уақыттан бері егемендік тарихында күрес түрлерінен алтын алған екінші адам саналады. Сонымен қоса, Әлем біріншілігі, Азия чемпионаты, Азия ойындарының қола, алтын медалін иемденген.

Бұған дейін еліміздің күрес тарихында, нақтырақ төрткүл дүние көз тіккен жазғы ойындарда бұндай жетістік болған емес-ті. Халық даналығында «елу жылда ел жаңа» дейтін тәмсіл кездеседі. Араға қырық жылдан астам уақыт салып келген жүлдеге барша жұрт қуанды. Осылайша қазақтың оғланы Еуропаның төрінде атой салды. Әрине, дүбірлі додаға сылбыр адам бармайды. Оған ерік-жігері мықты майталман спортшы ғана қатысып, бақ сынаиды.

Қосып өтсек, осыған дейінгі төрткүл дүние көз тіккен байрақты бәсекелерде Елдос бауырымыз қазақтан шыққан Олимпиада чемпионы болуды мақсат еткен-тұғын. Міне, сол көздеген мұратына жетті. Ол ел тарихында тұңғыш күрестен алтын алған спортшы ретінде қалды.



Айта кету керек, ол бұл жолды жайдан-жай өтпеді. Құлап-сүрінген кездері де аз болмады. Жаракаты да болды. Соған қарамастан ерік-жігерін жинап, намысын жанып тағы бір рет бағын сынап көрді. Оның бұл әрекетіне сынап қарағандар жетерлік еді. Дейтұрғанмен, мықтының аты мықты. Бәрібір дарабоз екендігін дәлелдеп топ жарды. Міне, бүгінгінің батыры.

Әуежайға Елдос Сметовтың жанұясы да күтіп алуға келді. Орайлы сәтті пайдаланып, бір ауыз шат-шадымен көңіл күйді білген едік.

– Ана жүрегі бала үшін әрқашан жақсы жағынан қуанып отырады. Біздер қуанышымызды айтып жеткізе алмаймыз. Ұлымызды тіл-көзден сақтап, амандық берсін дейміз. Спортшылардың барша аналарына осындай зор қуаныш тілеймін, – деді анасы Токтагүл Сметова.

Жеңісті күндеріміз көп болсын

Дзюдо өз мықтыларын әрқашан танытып келеді. Бұл спорт түрлерінен алға өрлеген спортшылар қатары аз емес. Сондай жанның бірегейі – Ғұсман Қырғызбаев. Ол 2021 жылы күміс жүлде алды. Сонымен бірге, 2019–1922 жылдары

Азия біріншілігінде екі мәрте қола жүлдегер атанды. Дүниежүзілік «Grand Slam» жарысында жеңімпаз болды.

«Алматы әуежайында» қалың нөпір жеңімпаздарды құттықтап, құрмет көрсетті. Алматы дзюдо федерациясы Ғұсман Қырғызбаевқа темір тұлпар сыйлады. Оған мерзімінен бұрын «капитан» әскери атағы берілді.

XXXIII жазғы Олимпиада ойындарының жүлдегерлері де өз әсерлерімен бөлісіп, ыстық лебіздерін білдірді.

– Париж Олимпиадасының қола жүлдегері атандым. Өте қуаныштымын. Алтын жүлдеге үміттеніп едік. Бұйырғаны осы болды. Мың тәубе! Мұнымен тоқтап қалмаймыз. Бұйырса алда әлі талай байрақты бәсекелер күтіп тұр. Ең бастысы, ынта-жігер керек. Барша қолдау білдірген Қазақ еліне алғысымды білдіремін, – деді Париж Олимпиадасының қола жүлдегері Ғұсман Қырғызбаев.

Қуанышты жаңалықты Ғұсманның отбасы да бөлісті. Қолдап келген ел-жұртқа алғыстарын айтты.

– Барша қолдап келген жандарға көп рахмет. Еліміз бұдан да биік жетістіктерге жете берсін. Ғұсманның достарына, ағайын-туыстарға, барлық спорт сүйер қауымға ризашылық айтамыз, – деді әкесі Данияр Қырғызбаев.

Біздің спортшыларымызды қолдап келгендер қатары өте көп екен. Соның ішінде 2000 жылғы Сидней Олимпиадасының чемпионы Ермахан Ыбырайымов өз әсерлерін жеткізді.

– Жігіттеріміз жарады. Ғұсман бұл жолы қола жүлдеге қол жеткізді. Елдос төртжылдықтың басты бәсекесінде алтын медаль иеленеді. Жеңісті күндеріміз көп болсын, – деді ол.

Айта кететін нәрсе, 24kz. мәліметінше Париж Олимпиадасының жүлдегерлеріне берілетін сыйақы мөлшері өзгермеген екен.

Бұрынғыдай бірінші орынға – 250 мың, күміске – 150 мың, ал қола медальға – 75 мың доллар беріледі. Төртінші және алтыншы орын алғандарға 5 мың мен 30 мың доллар аралығында төленеді.

Сонымен қатар, чемпиондар мен жүлдегерлерді дайындаған бірінші, жеке және бас бапкерлерге қосымша ақшалай ынталандыру қарастырылған. Егер спортшы әлемдік рекорд орнатқан жағдайда тағы 5 мың доллар, жаттықтырушысы 3 мың доллар алады.

P.S. Әр сайыс өзінің нәтижесін береді. Спортпен талмай айналысқан адам түптің-түбінде бір жеңіске жететіні анық. Қазір әр қазақ баласы еліктейтін жаңа тұлғалар өсіп-өркендеп келе жатыр. Дәл осындай жетістіктер, Көк байрағымыз әлемдік аренада желбірейтін жарқын сәттер көп болғай.

Қазақ елі, жеңіс құтты болсын!



ПАРИЖ – 2024

НАРИМАН – ТАРИХИ ЖҮЛДЕНІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

Әлем көз тіккен Парижде Олимпиада ойындары жалғасып жатыр. Ел намысын қорғаған жерлесіміз Нариман Құрбанов спорттық гимнастикадан тарихи медальді жеңіп алды.



Алматы тумасы Нариман Құрбанов – Париж Олимпиадасының күміс жүлдегері атанды. Ол спорттық гимнастиканың ат снарядындағы іріктеуінде 15 000 ұпай жинап, алтыншы орынмен өткен болатын. Ал жарыстың финалында қазақстандық гимнаст тұтқалы ат жаттығуын ең бірінші орындап, 15.433 ұпай алды. Ол базалық қиындығы 6.7-ге тең жаттығуды сәтті орындап шықты. Нариманның нәтижесінен тек ирландиялық Риз Макленаген оза алды. Ол 15.533 ұпаймен бірінші болды. Ал үздік үштікті америкалық Штефан Недорочек түйіндеді. Оның еншісінде 15.300 ұпай. Осылайша Нариман Құрбанов Қазақстан тарихындағы спорттық гимнастикадан алғашқы Олимпиада жүлдесін жеңіп алды.

– Мен снарядқа келдім де мимен ештеңе ойламай, тек соңына дейін жаттығуды орындай бердім. Ұзақ жылдар бойы жасап жүрген комбинацияны автоматты түрде орындап шықтым. Қазіргі олимпиадалық циклді есепке алар болсақ, мен бағдарлама соңында жиі құлайтынмын. Бұл менің техникалық немесе тактикалық тұрғыдағы кемшілігім емес.

Психологиялық тұрғыдан беріліп қоятынмын. Бүгін бар тәжірибемді жинап, ең маңызды турнирде білгенімді түгел орындадым.

Желіден Олимпиада медалін таныстырған соң, сол суретті сақтап қойдым. Осы маусымдағы әрбір жарыс алдында суретке қарап, армандайтынмын. 18 жасыма қарай жазғы ойындарға қатысып, жүлде алуға мақсат қойдым. Сол мақсатқа жету үшін жұмыс істедім. Елімізде бұл медальді қалай қабылдайтынын, халықтың қалай қуанып жатқанын жақсы түсінемін. Қазір бұл медальді ұстағаннан гөрі, еліміздің қуанып жатқанын көру мен үшін бақыт, – деді жарыстан кейін Нариман Құрбанов.

СПОРТТЫҚ ГИМНАСТИКА



МИЛАД БЕСІНШІ БОЛДЫ

Еркін жаттығу сайысының финалында бақ сынаған отандасымыз Милад Карими үздік бестікке енді.


Алматылық гимнаст Милад Карими еркін жаттығу бойынша Париж Олимпиадасының финалында сынға түсіп, 14.500 ұпай жинады. Ол бұл нәтиженің арқасында 8 спортшының арасынан 5-орынға табан тіреді. Жалпы еркін жаттығуда филиппиндік Карлос Юло (15.000) чемпион атанды.

Ал күміс медальді Израиль өкілі Артем Долгопят (14.966), қоланы Ұлыбритания спортшысы Джэк Джармэйн (14.933) еншіледі. Айта кеткен жөн, Карими 2023 жылы еркін жаттығуда әлем чемпионатында қола медаль иеленген. Париждегі жарыс

жерлесіміз үшін екінші Олимпиада. Ол Токиода да еркін жаттығудан 5-орын алған еді. Сондай-ақ, еркін жаттығуға дейін бірнеше күн бұрын Милад Карими спорттық гимнастикадан көпсайыс бойынша сынға түсіп, жарысты 24-орында аяқтады.

– Іріктеу кезеңі мен көпсайыстың финалы мен үшін сәтсіз өтті. Көп қателік жібердім. Бірақ көпсайыстан соң жиналып, бүгінгі еркін жаттығудың финалдық кезеңіне жақсы дайындалдым. Негізі, медаль аламын деген ой болған. Бірақ төрешілер шешімі осындай болды. Токио Олимпиадасының финалында мен кілем сыртына шығып кеткен едім. Ал бұл жолы бәрін ойдағыдай орындап шықтым. Осы орайда, мен қазақстандық жанкүйерлерге алғысымды айтамын. Көпсайыста 24-орында қалдың деп сөккен жоқ. Бәрі қолдауын, алғысын жолдап жатыр, – деді Милад Карими.

ОЛИМПИАДА КҮНДЕЛІГІ



ЖАНҚИЯР ЖАНКҮЙЕР

Париждегі жазғы Олимпиада ойындарының алғашқы күні алтын жүлде жеңген Елдос Сметовтың әр белдесуін қазақстандықтар еліміздің түкпір-түкпірінен тамашалаған болатын. Олардың ішінде шешуші белдесуге жанқиярлықпен жанкүйер болған азаматқа Олимпиада чемпионы теледидар сыйлады.

Әлеуметтік желіде Елдос Сметовтің белдесуінде жан-тәнімен айқайлап, дұрыс істемей тұрған теледидардан беріле қолдау көрсеткен ер адамның видеосы тараған еді. Ол Алматы облысы Талғар ауданында тұратын Сәбит Қалыбеков есімді азамат екен. Өз жанкүйеріне Елдос Сметов жаңа теледидар сыйлады. Олимпиада чемпионы Сәбитке видео байланыс арқылы хабарласып, алғысын жаудырды.

«Алла разы болсын! Көріп отырып көзіме жас келді. Туған қанына жанкүйер болғандай әсер қалдырдыңыз», – деді Елдос Сметов.

НЫСАНА КӨЗДЕУ

КИЛЛЕР МЕ, ӘЛДЕ МЕРГЕН БЕ?

Франция астанасында өтіп жатқан Олимпиада ойындарында өнер көрсеткен түрік мергені Юсуф Дикеч әлеуметтік желінің жұлдызына айналды.

Түркиядан келген спортшы аралас жұпта 10 метр қашықтықтан пневматикалық мылтық атудан Олимпиаданың күміс жүлдесін жеңіп алды.

Алайда, ол әлемге өзінің жүлдесі арқылы емес, жарыстағы ату мәнеріне байланысты танылды. Юсуф жарыс кезінде өзге спортшылар секілді мамандандырылған жабдықты пайдаланған жоқ. Ол қарапайым көзілдірікпен өнер көрсетті және дыбыс өткізбейтін құлаққап кимеді.

Сонымен қатар, атыс кезінде бос қолын қалтасына салып, екі көзінің бірін жаппай нысана көздеді. Мұндай ерекше тәсіл түркиялық мергенді әп-сәтте ғаламтордың жұлдызына айналдырды. Желі қолданушылары спортшының әлеуметтік желісінде «шынымен мергенсің бе, әлде киллерсің бе?» деген сарында әзіл араласқан пікір қалдыруда.

Айта кеткен жөн, Түркия бұған дейін нысана көздеуден Олимпиада медалін жеңбеген.

САДАҚ АТУ

Олимпиада ойындарына қатысып, жеңіспен оралу – әр спортшының арманы. Бұл арманына жету үшін ештеңеден тайынбайтын спортшылар жетерлік.

Францияда өтіп жатқан жазғы Олимпиада ойындарына жүрегінің астында жүрегі бар жүкті спортшылар да қатысуда. Олардың бірі – Яйлагул Рамазанова. Әзербайжан өкілі жүктіліктің жетінші айында екеніне қарамай Парижде садақ атудан бақ сынап көрді. Рамазанова жарыстың 1/32 финалында қытайлық Ани Сихуанды жеңді. Дегенмен, 1/16 финалда неміс садақшысы Мишель Кремменнен ұтылды. Жарысты тамашалаған көрермендер әзер-

БАТЫЛ ҚЫЗДАР



байжандық спортшыға ерекше ықылас білдіріп, қолдау көрсетті.

– Баламен бәрі жақсы. Жүктілікке қарамастан Олимпиадаға жақсы дайындала алдым. Көрермендер қолдауы керемет болды, – деді жарыстан кейін спортшы.

Мысырлық Надох Хафез де жүктілігіне қарамай төрт-жылдықтың басты додасында семсерлесуден бақ сынады. Спортшы жарыстың 1/8 кезеңіне дейін өтіп, корейлік Чун Хонтан 7:15 есебімен жеңіліп қалды.

– Шын мәнінде, бүгін жарыста үшеу болдық. Бұл – мен, менің қарсыласым және менің әлі туылмаған сәбиім. Мен күйеуім мен отбасымның сеніміне ие болғанымға қуаныштымын, – деді әлеуметтік желіде мысырлық спортшы.

Бетгі әзірлеген
Досбол АТАЖАН



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ



СӘУЛЕЛІК ДИАГНОСТИКА

ішкі ағзалардың бейнесін алуға мүмкіндік береді

Елімізде бала дәрігері деген қастерлі мамандыққа өмірін арнап жүрген ақ халатты абзал жандар аз емес. Солардың қатарында Алматыдағы Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының УДЗ және сәулелік диагностика бөлімінің дәрігері Аманкүл ТАЙНЕКОВА да бар. Науқастың дертін ерте бастан анықтауға көмектесетін МРТ, КТ аппараттарын жетік меңгерген маманнан балаларға көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері мен мүмкіндіктері жайында сұрап білген едік.

МЫҚТЫ МАМАН БОЛУ ҮШІН
БІЛІМНІ ДІ ЖЕТІЛДІРУ КЕРЕК

— Аманкүл Шүйілбайқызы, медицина саласында неше жылдан бері қызмет етесіз, қиындығы мен жауапкершілігі мол бұл саланы тандауыңызға не себеп болды?

— Ақ халат киіп, дәрігер болуды бала кезімнен армандадым. Мектеп бітірген соң бала қиялымдағы мамандығымға қол жеткізу үшін оқуға тапсырып, 1995 жылы С.Асфендияров атындағы Алматы мемлекеттік медициналық институтының Педиатрия факультетіне оқуға түстім. Дипломымды қолыма алған соң 15 жылдай Алматыдағы №3 қалалық балалар емханасында өз мамандығым бойынша қызмет еттім. Мықты маман болу үшін білімді жетілдіру керек. Ізденуден жалықпадым, көп оқыдым. Сөйтіп, 2011 жылы «Сәулелік диагностика» мамандығы бойынша қайта даярлықтан өтіп, Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының сәулелік диагностика бөлімшесіне рентгенолог дәрігер болып ауыстым. Қазір осы орталықта қызметімді жалғастырып келемін.

— Балалар дәрігері болу үшін қандай қасиеттер керек?

— Педиатрдың алдына күнделікті мінезі мен қылығы бір-біріне ұқсамайтын әртүрлі жастағы балалар келеді. Олардың тілін тауып, сыр-қатын анықтау үшін балалар дәрігеріне мейірім мен ұстамдылық және өте жоғары біліктілік қажет деп есептеймін. Медицианың атасы Гиппократ: «дәрігердің жүзі жылы, ұқыпты, киімі таза, қолдары жұмсақ, жағымды болу керек» деген екен ертеректе. Менің де ұстанымым осы.

БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ АУРУЛАРДЫҢ
БАРЛЫҒЫ — АСТАН

— Қазір балалар арасында қандай аурулар жиі кездеседі? Заманға қарай сырқат түрлері де көбейгені рас па?

— Иә, өкінішке қарай, ол рас. Бірақ балалар арасындағы аурулардың барлығы — астан. Мен қазіргі балалар ғана емес, үлкендердің өзі тез дайындалатын әрі дәмді көше тағамдарына әуестігіне таңмын. Мұндай тағамдардың адам ағзасына, әсіресе, енді жетіліп келе жатқан бала ағ-

• КТ — компьютерлік томография.

• МРТ — магнитті резонанстық томография.

• Аппараттардың негізгі міндеті — сәулелі диагностика арқылы ішкі ағзалардың бейнесін алуға мүмкіндік беретін рентгендік зерттеу.

• Мұндай зерттеулер адам ағзасының қаншалықты зақымданғанын я зақымданбағанын анықтайды.


Кейін зерттеу нәтижесіне байланысты дәрігерге қаралуға, емделуге жіберіледі.

• КТ-дан өту үшін 5 минуттан 15 минутқа дейін, МРТ үшін 10 минуттан жарты сағатқа дейін уақыт созылады.

Түсіргеннен кейін науқас босатылады.

• КТ немесе МРТ түсу үшін біріншіден науқасқа дәрігердің жолдамасы қажет. Одан кейін пациент тамақ ішпей келуі керек.

Біле жүріңіз!



засы үшін өте қауіпті. Мәселен, фастфудтың құрамында семіздікке әкелетін зиянды майлар көп. Ал тез әзірленетін тағамдарды тұтыну қант диабетіне шалдықтыруы мүмкін. Өзіңіз ойлаңызшы, мәселен, ет кемінде 2-3 сағат қайнап, пісуі керек, бірақ сіз 2 минутта әзірленген котлетті жейсіз. Адамдар сол тез дайындалатын тағамның шикі болатынына әлі мән берер емес. Уақытында тамақ ішпеу, фастфудтарға әуес болу, телефонға тәуелділік... осының барлығы адамның жүйке жүйесінің сезімталдығын арттырып, баланы агрессивті жағдайға түсіруде.

БАЛАЛАРҒА КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТІҢ
ӨЗ ЕРЕКШЕЛІГІ БАР

— Қазір медицина саласын радиологиясыз, компьютерлік және магнитті-резонансты томографиясыз елестетеу мүмкін емес. Кішкентайлар емес үлкендердің өзі жүрексініп тұратын МРТ, КТ аппараттарына балаларды түсіру оңай емес шығар...

— Иә, балаларға көрсетілетін қызметтің өз ерекшелігі бар. Сондықтан баланың психофизиологиялық жағдайына қарай қондырғыға түсірудің өз қиындығын ескеру керек, өйткені, бала қозғалмай жатуы тиіс. Кішкентай пациенттерді МРТ, КТ-ға түсіру үлкендерге қарағанда көбірек уақыт алады. Біз ол кезде баланың жасына қарай, мәселен, кейбір балаларға ойыншықтар («Здоровая Азия» фонды қамтамасыз ететін) беріп, алдарқатамыз. Кейде балаларға диагноз күрделілігіне байланысты контрастпен түсіруге тыныштандырғыш препараттар қолдануға тура келеді.

— Аппараттарға қандай сырқаты бар балалар түседі немесе қандай мақсатта қолданылады?

— Мұндай тәсіл науқастарға қарапайым әдістермен дәл диагноз қойылмайтын кездерде қолданылады. Бұл аппараттар ең алдымен ісік көлемін, стадиясын анықтау мақсатындағы кең көлемді зерттеулер жүргізу үшін онкологиялық сырқаттары бар балаларға керек. Мәселен, біздің орталыққа түскен балалардың 70 пайызына МРТ, КТ аппараттарында зерттеулер жүргізіледі.

— Кабинеттеріңіз заманауи техникалармен жабдықталған ба?

— Қазір ана мен балаға деген мемлекет қамқорлығы жақсара түскен. Мемлекетіміз медицинаға, оның ішінде балалар медицинасына барынша жағдай жасап отыр. Заман талаптарына сай жабдықтар әкелініп жатыр. Бізде де кабинеттер жабдықталған, бірақ техниканың жетістіктеріне қарай, бұдан да заманауи аппараттар қойылса деген тілегім бар. Өйткені, заманауи қондырғылардың диагностика, диагноз қою сапасын арттыруға септігі зор.

— Өзіңіз дәрігерсіз, салауатты өмір салтын қаншалықты ұстанасыз? Бос уақытыңызды қалай өткізесіз?

— Спортпен шұғылдану, табиғи өнімдерді тұтыну, таза ауада серуендеу және көтеріңкі көңіл күйде жүруге барынша тырысамын. Бос уақытымда кітап оқығанды, табиғат аясында демалғанды жақсы көремін.

Сұхбаттасқан Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

БӘРЕКЕЛДІ!

БАЛАЛАРДЫҢ
БАҒБАНЫ

Елімізде 17 жылдан кейін
алғаш рет маманданған
педиатр-дәрігерлер
диплом алды

Алматыда отандық денсаулық сақтау саласында маңызды оқиға болды. С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті педиатрия мектебінің интернатура түлектерін даярлады.

С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың алғашқы факультеттерінің бірі — Педиатрия факультеті 1938 жылы ашылған. Бұл факультет 84 жыл ішінде 8000-нан астам маман дайындады. Педиатрия факультетінің түлектері денсаулық сақтау жүйесінің барлық саласында жұмыс істейді. 2007 жылы медициналық жоғары оқу орындары кадрлар даярлаудың жаңа моделіне көшті. Соның салдарынан Педиатрия факультеті жалпы балға енгізіліп, педиатрларды даярлау тоқтатылған болатын. Педиатрия саласының жетекші сарапшылары осы уақыт ішінде педиатрлардың білімін және мамандықтың өзін қалпына келтіру үшін күресті.

2018 жылы сарапшылар мен профессорлардың өтініштері тыңдалып, елімізде С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде Педиатрия факультеті екінші рет ашылды. Бүгінгі күні «Педиатрия» мамандығы бойынша 1080 студент оқиды. Биыл 132 педиатр дипломын алды. Оның ішінде 1 түлек үздік «қызыл диплом» иегері атанды.

Статистикаға сүйенсек, елімізде бала саны жыл сайын артып келеді. 12 жыл ішінде олардың үлесі 5,3%-ға өсті. 2009 жылы халықтың жалпы санынан балалар үлесі 24,1% (3,9 млн адам) болды. Ал 2021 жылғы соңғы халық санағының қорытындысы бойынша 14 жасқа дейінгі балалар саны 5,6 млн адамды құрады бұл ел халқының 29,4%-ы. Мұның бәрі республикаға сапалы дайындықтан өткен педиатрлардың қажет болатынын көрсетеді.

МАМАН ПІКІРІ

Ультрадыбыстық
зерттеу зиян ба?

Ультрадыбыстық зерттеу (УДЗ) — жүктілік кезінде қолданылатын ең кең таралған және маңызды диагностикалық құралдардың бірі. Бұл дәрігерлер мен болашақ ата-аналарға баланың құрсақта қалай дамып жатқанын көруге, оның жағдайын бағалауға және қандай да бір ауытқуларды анықтауға мүмкіндік береді.

Алайда, жүкті әйелдер мен жұртшылық арасында оның қауіпсіздігіне қатысты алаңдаушылық бар. Кейбіріміз «оған жиі түсе берсек, зиян шығар» деп күмәнданып жатамыз. №2 қалалық перинаталдық орталықтың дәрігері Нұрмира Тұрмаханованың айтуынша, рентген сәулелерінен айырмашылығы — ультрадыбыстық толқындар иондаушы сәулеленуді қолданбайды, бұл ультрадыбысты диагностиканың қауіпсіз әдісі.

«Кейінгі бірнеше онжылдықта жүргізілген көптеген зерттеулер ультрадыбысты әдістен ана мен бала үшін қолданудың айтарлықтай теріс әсерін анықтаған жоқ. Сондай-ақ, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ультрадыбысты дұрыс қолданған кезде ешқандай қауіп төндірмейді деп мәлімдейді. Қазіргі заманғы УДЗ аппараттары қауіпсіз жиіліктер мен қарқындылықта жұмыс істейді», — дейді Н.Тұрмаханова.

Алайда, дәрігер ультрадыбысты тек медициналық себептермен және білікті маман жүргізуі керек екенін атап өтті. УДЗ көптеген артықшылықтары бар және жүктілікті бақылауда маңызды рөл атқарады. Мәселен, ерте кездерде УДЗ жүктіліктің болуын анықтауға және босану күнін болжамен есептеуге көмектеседі, ұрықтың өсуі мен дамуын бақылауға мүмкіндік береді, жүктілікті дұрыс басқару үшін маңызды бірнеше ұрықтың болуын анықтауға көмектеседі, плацентаның орналасуы мен жұмысындағы ауытқуларды анықтауға, бала айналасындағы сұйықтықтың және т.б. көлемі мен сапасын бағалауға мүмкіндік береді.

Нұржамал ӘЛШЕБА



ТАЛАПКЕР

ГРАНТ САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Биыл да жоғары оқу орнына бөлінген гранттың басым бөлігі техникалық салаға тиесілі болып отыр. Мәселен, биылғы бакалавриатқа түсу үшін бөлінген 79 мыңға жуық гранттың 60 пайызы техникалық мамандықтарға бөлінді. Дәл қазір осынау бөлініп отырған грантқа 104 мыңнан астам талапкер таласып жатыр. Гранттың басым бөлігі инженерлік-техникалық мамандықтарға бөлінгенімен, талапкерлерлердің басым бөлігі педагогикалық ғылымдар, IT технологиясы, құрылыс саласын таңдапты. Ал құрылыс, тіс дәрігері, психолог, дипломат, мұғалім болғысы келетіндер үшін шақтаулы грант бөлініп отыр.

Сонымен қатар, «Серпін» бағдарламасымен бөлінген грант саны 3 мың 900-ға жеткен. Дегенмен, түлектердің 42 мыңнан астамы Алматы қаласындағы жоғарғы оқу орындарын, ал 22 мыңнан астам талапкер Астана қаласын таңдап отыр. Грант жеңімпаздарының тізімі 10 тамызға дейін белгілі болады.

Сонымен қатар, соңғы жылдары педагогикалық мамандыққа басымдық беріліп отырғаны белгілі. Мәселен, «Педагогикалық ғылымдарға» – 13 735 грант бөлінсе, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» саласына бөлінген грант саны – 10 903, «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» бағытына – 8288 грант бөлінген. Жыл сайын жалпы грант санынан арнайы квота бөлінсе, биыл да әлеуметтік осал топтарға бөлінетін квота сақталады.

Жалпы, 2022 жылдан бастап ауыл квотасы 35 пайыз болып бекітілген еді. Сондай-ақ, биылғы жылы жалпы грант санының 20 пайызы су тасқынынан зардап шеккен өңірлердің талапкерлеріне бөлініп отыр. Оқу-ағарту министрлігі 2022 жылдан бастап беделді халықаралық пәндік олимпиада, жарыс, конкурс жүлдегерлерінің мемлекеттік грантқа ҰБТ-сыз да ие бола алатынын нақтылаған еді.

Сонымен қатар, биыл да мемлекеттік грант конкурсында балдары тең түскен жағдайда басымдылық «Алтын белгі» иегеріне берілетін болады. Биылғы мектеп түлектерінің 7 мыңнан астамы «Алтын белгі» иегері атанса, әскери борышын өтегендер оқуға ҰБТ-сыз әңгімелесу арқылы тек ақылы негізде түсе алады. Оларға кейбір ЖОО-ның ішкі гранттарына үміткер болу мүмкіндігі де қарастырылған.

ЖОО

ЖАТАҚХАНА МӘСЕЛЕСІ ШЕШІМІН ТАБАДЫ



Бір кездері кез келген оқу орнының жатақханасына бас сұқсаңыз, қақ маңдайындағы «Жатақхана – өз үйің» деген сөз көзге бірден түсетін. Шындығында, сол кезде қалаға алғаш келген біздер үшін жатақхана өз үйіміздей болды. Бір қызығы, ол кезде орын тапшылығы деген мүлдем болмайтын. Қайта басқа оқу орындарының студенттеріне де орын табылып, аралас-құраласып жататын. Ал қазір ше?

Жатаққханаға қол жеткізу – баспаналы болумен бірдей болды. Еліміздегі ең ірі қала Алматының өзінде жатақхана мәселесі әлі де өзектілігін жойған жоқ. Мәселен, биыл 29 мыңға жуық орын тапшы болса, былтыр бұл көрсеткіш 33 мыңның төңірегінде болған еді. Қаламыздағы 102 студенттік жатақханада 35,5 мыңнан астам студент тұрып жатса, қалалық Жастар саясаты басқармасының мәліметінше, осы оқу жылында тағы да 15 нысан пайдалануға беріліп, 7 мыңға тарта студент жатақханаға орналасатын болады.

Қазіргі таңда Алматыдағы 35 жоғары оқу орнында 200 мыңға жуық студент білім алып жатыр. Мәселен, осы жастардың 126 мыңнан астамы қаладан тыс өңірлерден келген студенттер. «Алматының Даму бағдарламасының» «Жол картасы» аясында 2025 жылдың соңына дейін 12 мың төсек-орын, ал 2030 жылдың соңына дейін тағы 20 мың төсек-орын құру жоспарланып отыр. Бұл ретте Алматыда жатақханаларды салу бойынша жұмысты тиімді үйлестіру үшін жобалық кеңсе де іске қосылған болатын.

Қазір қаламызда жатақхана мәселесі екі бағыт бойынша шешіліп жатыр. Оның алғашқысы жаңадан салу арқылы, екіншісі ескі ғимараттар мақсатты бағдарын өзгертіп, қайтадан құрылатын болады. Сәтін салса, осындай жүйе бойынша Алматыда 2030 жылға қарай жатақхана мәселесі түбегейлі шешімін табатын болады.

ШАРА



ИСЛАМ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ АШЫЛДЫ

Қазіргідей алмағайып заманда жастарымыздың жат ағымның жетегінде кетпей, ата діннің қадір-қасиетін тереңнен зерделегені абзал. Бұл тұрғыда жұртшылыққа ғылыми тұрғыдан дәйекті бағыт-бағдар берудің маңызы ерекше екені белгілі. Алматыда Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы жанындағы Ислам ғылыми-зерттеу институтының ашылғаны баршамыз үшін қуанышты оқиға болып отыр.

Аталмыш шараға Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, жазушы Смағұл Елубай, академик Асқар Жұмаділдаев бастаған еліміздегі зиялы қауым өкілдері қатысты. Жаңадан ашылып отырған институттың басты мақсаты ғасырлар қойнауынан жеткен көне қол-жазбалар мен ескі кітаптарды кадикология-мәтінтанулық тұрғыдан зерделеп қана қоймай, бүгінгі қоғам сұранысына орай қайта жарыққа шығаруға үлес қосу болып отыр.

РУХАНИЯТ

«ҰЙЫҚТАМАЙТЫН» КІТАПХАНА

Дамыған елдерде тәулік бойы жұмыс істейтін кітапханалар о бастан бар. Олар үшін бұл жаңалық емес, қажеттіліктен туындап отырса керек. Өйткені, күні бойы жұмыста болғандықтан, кітап оқуға уақыт тапшы көрінеді. Енді бізде шетелдің осындай үздік үрдісін өз өмірімізге енгізіп жатсақ несі айып? Соңғы жылдары Алматыда да тәулік бойы жұмыс істейтін кітапханалар тәжірибесі белсенді түрде енгізіле бастады.

Бұл ретте өткен жылғы маусым айында өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тәулігіне 24 сағат жұмыс істейтін кітапханалар құру туралы бастама көтергені естеріңізде болар? Дәл қазір Алматыдағы екі кітапхана 24/7 режимінде жұмыс істеп жатыр. Олар – Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасы мен «Alatau Creative Hub» орталығының кітапханасы. Оқырмандарды тәулік бойы қабылдау әдістемесі оқушылар, студенттер, магистранттар, сондай-ақ докторанттар арасында үлкен сұранысқа ие көрінеді. Қала тұрғындарының осындай сұранысынан соң мегаполистегі Абай даңғылы, 141 мекенжайында орналасқан №4 кітапхана да енді 24/7 режимінде жұмыс жасай бастады.

– Қазір Алматыда үш кітапхана

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет мүшелерімен өткен басқосуда: «Халқымыздың дүниетанымына сай дәстүрлі Исламды дәріптеу аса маңызды. Оның ғылыми-теориялық негізін дамыту қажет...» деп маңыз берген бағыты бойынша дәстүрлі дініміздің асыл құндылықтарын ғылыми-теориялық тұрғыдан дамыту, ата-бабаларымыз ұстанған исламның сүнниттік бағыттағы ханафи мәзһабын жаңғырту мақсатында жыл басында ҚМДБ жанындағы Ислам ғылыми-зерттеу институтын ашуды жоспарлаған болатынбыз. Міне, сол жоспарымыз орындалып, қуанышқа кенеліп отырмыз. Аталмыш институт ұжымы Ислам атын жамылған түрлі жасағаттар мен ағымдардың діни ұстанымдары мен жасырын идеяларын ғылыми тұрғыдан әшкерелеуге, сол арқылы еліміздің тұтастығы мен бірлігіне сызат түсіретін қауіп-қатерлердің алдын алуға назар аударатын болады, – деп атап өтті Наурызбай қажы Тағанұлы.

Сондай-ақ, ҚМДБ төрағасы жиналған қауымға Ислам ғылыми-зерттеу институтының басшысы ретінде белгілі ғалым Төрәлі Қыдырды таныстырып, алдағы жұмысына табыс тіледі.

КЕРЕК ДЕРЕК

Алматыда 28 қалалық кітапхана бар. Олардың 95%-ы жаңғыртудан өтіп, материалдық-техникалық базасы мен кітап қоры жаңартылды. Бұған қоса, жайлы оқу залдары мен интернет-залдар пайда болды. Сондай-ақ, Алматы кітапханашылары оқырмандарға қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында алғаш рет Оңтүстік Корея, Германия және Швейцариядағы үздік кітапханаларда тағылымдамадан өтті.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 4 айға – 2144,48 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 4 айға – 2944,48 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 4 айға – 1344,48 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ЖАРНАМА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ІСТЕРІ КОМИТЕТІНІҢ «АЛМАТЫ» ОЛИМПИАДАЛЫҚ ДАЯРЛАУ ОРТАЛЫҒЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ ДИРЕКТОРЫНЫҢ БОС ЛАУАЗЫМЫНА ОРНАЛАСУҒА КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары:

1. Орналасқан орнын, пошталық мекенжайын, телефонын көрсете отырып, кәсіпорынның атауы, оның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы:

«Алматы» Олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Іргелі а/о, Кемертоған а., Учетный квартал 117, 853 құрылыс, +7 (7163) 67-92-93, +7 (7163) 67-92-41.

Кәсіпорынның қызметінің мәні: спорт саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты: спорттық гимнастикадан, көркем гимнастикадан, батуттық гимнастикадан, жағажай волейболынан, бадминтоннан, спорттық жартасқа өрмелеуден, үстел теннисінен, қазіргі бөксайыс және онымен байланысты полидисциплинарлы спорт түрлерінен, жүзуден, ашық суда жүзуден, су добынан, суга сқируден, әртістік (үйлесімді) жүзуден, сайысудан, ауыр атлетикадан, бокстан спортшылардың спорттық шеберліктерін арттыру үшін оларды жыл бойы орталықтандыра даярлауды ұйымдастыру және өткізу болып табылады.

2. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім:

«Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе бизнес және басқару немесе құқық;

мамандығы бойынша, оның ішінде дене шынықтыру және спорт саласында басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің кемінде 5 жыл болуы.

3. Лауазымдық міндеттері:

Қабылданатын шешімдердің кейінгі салдарына, ұйымның мүлкін сақтау мен тиімді пайдалануға, сондай-ақ оның қызметінің әкімшілік-шаруашылық нәтижелеріне жауап бере отырып, ұйымның өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды; ұйымның саясатын, стратегиясын және оны іске асырудың тетіктерін айқындайды; оқу-жаттығу және тәрбиелік процестерде спорттық-әдістемелік және материалдық-техникалық базаны ұйымдастырады және жетілдіреді; педагогикалық кеңестің жұмысына басшылық жасайды; ұйымның жұмыс жоспарын, спорттық жетілдірудің әртүрлі кезеңдерінде спортшыларды даярлаудың жоспарларын және бағдарламасын бекітеді; барлық құрылымдық бөлімшелердің олардың қызметін жетілдіруге бағытталған өзара тиімді іс-қимылы мен жұмысын ұйымдастырады, сондай-ақ олардың қызметін жоғары жетістіктер спорты мен бұқаралық спортты дамытуға бағыттады; жаттықтырушылар, жаттықтырушы-оқытушылар, нұсқаушылар және әдіскерлердің біліктілігін арттыруды, спортшыларды дайындау деңгейін және спортшылардың спорттық шеберлігін арттыру мақсатында дене шынықтыру және спорт саласындағы шет елдің озық тәжірибесін зерделеуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды; лауазымды тұлғаларға – орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына ұйым қызметінің жекелеген бағыттарын жүргізуді тапсырады; қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру, көтермелеу және жұмыстан шығару туралы шешім қабылдайды, ұйымның құрылымын, штаттық кестесін, ұйым қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді; спортшылардың контингентін қалыптастырады, оқу-жаттығу және оқу-тәрбиелік процестері кезінде спортшылар мен ұйым қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтаудың қажетті жағдайларын жасайды; тиісті саланың уәкілетті органдарына ұйымның әкімшілік-шаруашылық және оқу-жаттығу қызметтерінің есебін ұсынады; ұйымның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, өнім берушілер, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, тапсырыс берушілер мен банктенді қоса алғанда кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (келісім-шарттардың) орындалуын қамтамасыз етеді; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдауда дербес жауапкершілікте болады.

4. Білуі тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы;

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы»,

«Дене шынықтыру және спорт туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасының заңдары;

педагогика, психология және физиология негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

5. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндемесі;

3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;

4) білім туралы құжаттардың көшірмелері (қосымшаларымен);

5) еңбек кәсіпшілігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар. еңбек шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтар көшірмесі немесе қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын мұрағаттық анықтама;

6) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21579 болып тіркелген) бекітілген «Медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)» №075/е нысаны бойынша анықтама;

7) жеке куәліктің көшірмесі;

8) адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер (кандидат еGov арқылы алады);

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсына алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау конкурс жарияланған күнінен бастап 2024 жылғы 6 тамыздан 2024 жылғы 20 тамызға дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүзеге асырылады.

6. Конкурстың өткізілетін күні мен орны:

Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, онлайн форматында. Конкурс қатысушыларына әңгімелесу өткізу күні қосымша хабарланады.

Құжаттар қолма-қол немесе пошта арқылы келесі мекенжайы бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, 314-кабинет.

Толық ақпаратты +7 (7172) 74-02-52, 74-06-55 телефондары бойынша алуға болады.

ГРАНТ – 2024

БИЫЛҒЫ БӘСЕКЕ ЖОҒАРЫ БОЛДЫ

Талапкерлер тағатсыздана күткен мемлекеттік грант иегерлерінің де есімдері белгілі болды. Мемлекет биыл бакалавриатқа 78 мың грант бөлсе, одан 104 мыңнан астам талапкер үмітті болды. Байқауға қатысып бағын сынаған 20 мыңнан астам жас түлек грант иегерлері тізіміне іліккен жоқ. Десе де, мемлекет жастар үшін тағы бір мүмкіндік жасап, биылдан бастап сараланған грант механизмі енгізіліп отыр.



Рая
ЕСКЕНДІР

Сонымен, бұл грант кімдер үшін? Мемлекеттік білім беру грантына қол жеткізе алмаған талапкердің сараланған грант иегері атануы дегеніміз, оқу ақысының жартысын мемлекет төлейді. Елімізде гранттың мұндай түрі биыл алғаш рет енгізіліп отыр. ҒЖБМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің төрайымы Гүлзат Көбенованың айтуынша, мемлекет оқу ақысының бір бөлігін төлейді. Яғни қаржылық орталық арқылы пайызсыз, жеңілдетілген несие алуға болады.

Жалпы, бұл тәсіл ұлттық бірыңғай тестілеу кезінде жоғары балл алса да, грантқа ілікпей қалған түлектер үшін өте қолайлы. Қазірдің өзінде 30 мыңнан астам талапкер осы сараланған грант арқылы оқуға келісімін беріп отыр. Мемлекет тарапынан 300 сараланған грант бөлінсе, оның жартысы педагогика мамандықтарына арналған. Қалған 150-і әлеуметтік ғылымдар мамандықтарына беріліп отыр, грантқа ие болғысы келетіндерге қосымша құжат тапсыру қажет емес. Сараланған грант бойынша оқығысы келетін кез келген талапкер балл санына сәйкес автоматты түрде жеңімпаз атанады. Оларға да тиісті стипендия тағайындалады, барлық оқу мерзіміне беріледі.

Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдардың гранттары, Қазақстан халқына қорының гранттары бар. Тіпті, мемлекеттік білім беру грантының иегері болып, бірақ одан бас тартқан түлектер болады. Биылғы талапкерлер арасында медициналық мамандықтарда бәсеке өте жоғары болды. Бір ғана стоматология мамандығы бойынша бір орынға 35 талапкер бағын сынаған.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 707 862 30 08,
8 777078 53 48

(Татьяна Титова, Логистика және өндіріс бөлімі) телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Alatau Aqparat» ЖШС.

E-mail:
alatauaqparat@gmail.com

Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 8152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Рая ЕСКЕНДІР

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official/



www.facebook.com/aqshamy.official/



www.youtube.com/channel/UCxM2xrjCHx68r1ggA



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

«ЖІБЕК ЖОЛЫ ХАБАРШЫСЫ»

Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени байланыс артып келеді

Кеше Alatau Creative Hub-тың конференция залында «Жібек жолы халықаралық ұлттық ойындар мен мәдени алмасу фестивалінің ашылу салтанаты өтті.

Қазақстан мен Қытай елдері арасындағы мәдени байланысты тереңдету, спорт және туризм саласындағы екіжақты ынтымақтастықты арттыруды мақсат еткен мәдени іс-шара «Алатау» дәстүрлі өнер театрының өнерпаздарының концертін тамашалаумен басталды. Дәстүрлі әншілер Нұрболат Ұзақбай, Елбол Қуанбек домбырамен әуелете ән шырықп, Аяулым Құнанбайқызы шаңқобызда өнер көрсетті.

Фестивальдің ашылу салтанатында алғашқы болып сөз алған Тайчжоу қаласы Спорт басқармасының басшысы Шуй Бин өзінің жүрекжарды лебізін білдіріп, былай деді:

– Құрметті ханымдар мен мырзалар, біз бүгін Қазақстанның інжу-маржаны – Алматы қаласында өтіп жатқан мәдени іс-шараға қатысу құрметіне ие болып отырмыз. Қытай елінің тарапынан келген өкілі ретінде ұйымдастырушыларға шынайы құрмет пен алғысымды білдіремін. Адам ниет алмасу арқылы көркейіп, үйрену арқылы баиды. Бүгінгі фестиваль тек мәдениеттің мерекесі ғана емес, сонымен қатар, ақыл-ой мен



жанның терең байланысы деп білемін. Бүгін біз тек қана Қытай мен Қазақстанның бай және түрлі-түсті этникалық мәдениетін тамашалап қана қоймай, сонымен қатар «Бір белдеу бір жол» бастамасы аясында бейбітшілік пен ынтымақтастықты арттыруға, екі ел арасындағы гуманитарлық байланыстарды жалғастыруға үлес қосамыз. Фестивальдің сәтті өтуіне тілектеспін. Достығымыз Жібек жолы секілді ұзақ әрі тұрақты болсын деп тілеймін! – деді ол.

Шетелдік қонақтар кейін сөз алған Алматы қаласы Мәдениет басқармасының өкілі Акберген Жұмабаев іс-шараның маңыздылығы мен фестивальдің мақсатына тоқталды.

– Қазақстан мен Қытайдың мәдени байланыстарының тарихы тереңде жатыр. Әлемге әйгілі Ұлы Жібек жолы да Қазақ жері арқылы өтіп, Шығыс пен Батысты жалғасқаны белгілі. Жібек жолы арқылы сауда-саттық, тауар айналымы ғана емес, мәдени, ғылыми қарым-қатынастар да қарқынды жүрген. Сол тарихи байланыстар қазіргі таңда да жүйелі жалғасын тауып отыр.

Жуырда ғана елімізде Шанхай ынтымақтастық ұйымының форумы жоғары деңгейде өтті. Қазақстан мен Қытай арасындағы достық, тату көршілік қарым-қатынастың нығайуына екі ел көшбасшыларының әсері мол. Бүгінгі фестивальға «Жібек жолы хатшысы ұйымдастыру комитеті» ұйытқы болып отыр. Осы ұйымның атсалысуымен 2019 жылдан бері мәдени-спорт саласында ынтымақтастық құру аясында бірнеше іс-шара ұйымдастырылды. Бүгінгі шара соның жалғасы, – деді Акберген Қайрошұлы.

Фестиваль аясында екі елдің мәдениетін көрсететін бірқатар шаралар өтті. Қонақтар қазақтың ұлттық ойындары – тоғызқұмалақ пен асық ойнаса, алматылықтар қытайдың «Го», «Гаунь Дан» деп аталатын үстел ойындарының шығу тарихымен танысты.

Іс-шара соңында қатысушылар екі елдің ұлттық киімдерін киіп, естелік суретке түсті. Ал Ұлттық колөнер аймағында қонақтар «шай рәсімі» деп аталатын шара ұйымдастырып, көпшілікке шай ұсынды.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК.

ЖОБА

ИГІ БАСТАМА

алматылықтар шет тілін тегін үйрене алады



Алматыда қала тұрғындарына шет тілдерін тегін үйренуге мүмкіндік беретін «Тілдер саябағы» жобасы басталды. Игі бастама қалалық Жастар саясаты басқармасы мен Волонтерлер фронт-офисінің қолдауымен жүзеге асырылып жатыр. Жоба шаһардың әр ауданындағы 8 ірі саябақта ұйымдастырылған. Оған 6 жасан 60 жасқа дейінгі кез келген азамат қатыса алады.

Жастар саясаты басқарма басшысының міндетін атқарушы Азиз Қажденбек.

Сабактар жаз мезгілінде аптасына 3 рет өткізіледі. Ал оқу аяқталғаннан кейін жобаға қатысушыларға сертификат беріледі. Айта кетейік, Алматыда жыл сайын жастарға арналған 1000-нан аса экологиялық, мәдени және спорттық іс-шаралар ұйымдастырылады. Бұл жобалардың барлығы жастарды қаланың мәдени-қоғамдық өміріне тартып, олардың жеке дамуына ықпал етуге бағытталған.

– Қазақ тілі міндетті түрде барлық ауданда өтеді. Түрік, ағылшын, француз тілін үйрету тек жаз айларында ғана емес, жыл соңына дейін жалғасады, – деді

ЗООБАҚ

Естеріңізде болса, Алматы зообағындағы Тянь-Шаньның ақ тырнақты аюлары – Герда мен Құрманбек жұбы екі қонжықты өмірге әкелген болатын. Кейін зообақ өкілдері Гималай қонжықтарына ат қою үшін байқау жариялап, нәтижесінде қонжықтарға Айсар мен Талас деп ат қойғанын хабарлады.

«АЙСАР» мен «ТАЛАС»
Гималай қонжықтары

«Айсар (сар – мықты, күшті) «ай сияқты мықты» деген мағынаны білдіреді, әрі оның күші мен кереметтігін бейнелейді. Оның есімі түнгі аспандағы ай сияқты күштілік пен тұрақтылықты көрсетеді. Талас – Қазақстандағы өзеннің аты. Ағынды және

үздіксіз қозғалысты білдіреді. Бұл есім табиғаттың күшін және ғұмырлы екенін көрсетеді», – делінген зообақтың баспасөз қызметінің хабарламасында.

Бетті әзірлеген
Құралай ЖҰМАДІЛОВА.

